



МУХТАР АЗЫ- АЗАЛЫ

№5
(2176)
Сәрсенбі
17 қаңтар
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚОЖАБАҚЫ АУЫЛЫНДА СПОРТ КЕШЕНІ САЛЫНАДЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Қожабақы ауылына ат басын бұрып, ауыл халқымен кездесті. Себеп - биылғы жылы елді мекенде атқарылатын жұмыстардың легін баяндап өту.

Оның ішінде Мемлекет басшысының тапсырмасымен және аймақ басшысының қолдауымен ауыл аймақтарды дамыту бойынша салынатын спорт кешенінің хабарын сүйіншілету. Одан бөлек, электр желілерінің де жаңартылатыны тағы бар. Бұған дейін ауыл халқының көтеріп келген мәселесі осы жылы жұмысын бастап, жыл аяғына дейін аяқталатын болады.

“Ауыл - ел бесігі” жобасы ая-



сында салынатын кешеннің құны - 566,355 млн.теңге болса, электр желілерін жаңарту үшін 452,8 млн.теңге республикалық бюджеттен бөлінбек.

Халықпен кездесуде мәнжайды баяндаған аудан басшысы одан да бөлек ұсыныс-пікірлерге құлақ түрді. Барлығын тыңдағаннан кейін түйткілдердің шешімі кезең-кезеңімен тарқатылатынын сөз етті.

Елді мекен жұрты ауылда атқарылатын жұмыстарға оң бағасын беріп, ризашылықтарын жеткізді. Сонымен қатар, алда болатын жұмыстарға сәттілік тілеген ауыл ақсақалдары бата-сын берді.

ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНДА 10 КӨШЕ АСФАЛЬТТАЛАДЫ



Мемлекет басшысының тапсырмасымен және аймақ басшысының қолдауымен шағын қалаларды дамыту мақсатында «Шағын және моноқалалардағы бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру» бағдарламасы негізінде Қазалы қаласындағы көшелер жөнделіп жатыр.

Биылдың өзінде бұл жақта 10 көше асфальтталады болады. Бұл үшін - 718 976,0 мың теңге қаржы қаралған. Сонымен қатар, қаладағы бірқатар көшелердің электр желілері қайта жаңғыртылмақ. Ал бұған 592 383,3 мың теңге бөлініп отыр.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Қазалы қаласының тұрғындарымен кездесіп, аталған жұмыстардың жай-жапсарын баяндап өтті.

Жиында қала тұрғындары өздерінің ризашылықтарын білдіре отырып, талап-тілектерін бүгіп қалмады. Аудан басшысы әрбір

көтерілген мәселе назарда екенін айтып, түсіністік танытуды сұрады.

Сонымен қатар, Мұхтар Әуесұлы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Рахметул-ла Ізтілеуге тиісті тапсырмаларды жүктеп, барлығын назарда ұстап отырды айты. Ал, аталған жұмыстар биылғы жылы толық аяқталатын болады.

Айта кетейік, бүгінде Қазалы қаласында орман шаруашылығы мекемесінің жанынан экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында сексеуіл өсімдігін егетін тұқым бағының жұмысы жүріп жатыр.

Құны 538 млн.теңге болатын бұл мекеме өз жұмысын бастайтын болса, Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы құм, тұз көшкінін тоқтату мақсатында аумағы 33,5 гектар жерге сексеуіл көшеттерін егумен айналысатын болады.

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢАРТЫЛЫП ЖАТЫР

Ашығын айту мақсатына қажет, аудан мен ауыл тұрғындарының талап-тілектері жыл сайын кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді. Бастысы, түсіністік танытып, асығыстық қылмау қажет.

Өткен жылы аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Ақсуат ауылының тұрғындарымен есепті кездесу өткізген тұста Байқожа елді мекенінің халқы ауылдағы электр желісін жаңартуды, бағаналардың ескіруіне байланысты ауыстыру керектігін және ауыз су мәселесін айтқан болатын. Бұл мәселеге қатысты аудан басшысы уақытымен реттелетінін ескертіп, жұмыс істейтінін жеткізді.

Ендігі аталған түйткіл шешімін тауып, байқожалықтар үшін жағымды жаңалықтың ауылы жақындап келеді. Олай дейтініміз, қазіргі таңда елді мекенде 3,5 шақырымға 89 дана бағаналар орнатылып жатыр. Одан бөлек, қуаттылығы 250 Ква болатын жаңа трансформатор қондырғысы қойылатын болады.

Соған сәйкес аудан әкімі Мұхтар Оразбаев елді мекенге арнайы ат басын бұрып, жүріп жатқан жұмысты өз көзімен көріп қайтты. Жауапты

мамандарға тиянақты жұмыс істей отырып, жеделдетуді айтқан аудан басшысы тиісті тапсырмаларды берді.

Қазалы электр торабы мекемесінің бастығы Әнуар Райымбектің айтуынша, бұл жұмыстар жақын күндері аяқталады.

Мұхтар Әуесұлы елді мекенге сапары кезінде ауыл тұрғындарымен де кездесті. Мемлекет басшысының қолдауымен және облыс әкімінің қадағалауымен ауыз су мәселесі шешімін тауып, қазірде Байқожа топтық су құбырының жұмысы жүріп жатқанын айтты.

Айта кетейік, жоба жұмысы толық аяқталатын болса 62 шақырым магистральдық су құбыры жүргізіліп, Әйтеке би кентіне тәулігіне 4500 текше метр ауыз су жеткізіліп, су тапшылығы мәселесі оң шешімін табатын болады. Сонымен қатар, магистральдық құбыр бойында орналасқан 8 елді мекен: «Ақсуат», «Майлыбас», «Қызыләскер», «Көбек», «Ойынды», «Алтай», Байқожа, «Еңбекшіқазақ» елді мекендері сапалы ауыз сумен қамтылатын болады.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ЖҰМЫС ҚОРТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ӨТКІЗГЕН БРИФИНГІ

Қазалы ауданының прокуроры, аға әділет кеңесшісі Дарын Әбіш қадағалау саласында атқарылған және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар жөнінде баспасөз өкілдерімен кездесу өткізді.

Аудан прокуроры Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуіміз керек» - деген Қазақстан халқына Жолдауын атап өтіп, өткен 2023 жылы атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Біріншіден, Бірігіп ұйымдастырылған п р о ф и л а к т и к а л ы қ жұмыстардың нәтижесінде 2023 жылы жалпы тіркелген қылмыстар 2022 жылмен салыстырғанда 10%-ға (149/134) төмендеді.

Қылмыстылықтың алдын алу және алдағы кезеңдерде болдырмау мақсатында аудандық прокуратурамен аудан әкімін, ауданымыздан сайланған облыс, аудандық мәслихат депутаттары, аудандық ардагерлер кеңесінің, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, мәслихат депутаттары, Қазалы қаласы, кент және ауылдық округ әкімдері, дербес бөлім басшылары, полиция бөлімінің басшылығы мен учаскелік инспекторлары, мектеп директорлары мен олардың орынбасарларының қатысуымен 2023 жылы 3 рет, ағымдағы 2024 жылы бір рет өткізілді.

Өткізілген шаралар аясында уәкілетті органдарға прокурорлық қадағалау актілері енгізіліп, хаттамалық шешімдермен нақты тапсырмалар жүктеліп, онда қылмыстылықтың алдын алу мақсатында біршама іс-шараларды атқару тапсырылған.

Сонымен қатар, құқық бұзушылықтарға қарсы профилактика жұмыстарын жүзеге асыруда құқық қорғау, жергілікті атқарушы органдар және үкіметтік емес ұйымдармен 23 тармақтан тұратын бірлескен іс-шара жоспары әзірленіп, бекітілді.

Нәтижесімен, орташа санаттағы қылмыстар 46% (64/38), онша ауыр емес қылмыстар 12% (24/21), оның ішінде тонау 300% (3/0), бұзақылық 33% (3/2), ұрлық 35% (43/28), мал ұрлығы 46%

(13/7), алаяқтық 8% (26/22), жол көлік қағидаларын бұзу 37% (19/12), топпен жасалған қылмыстар 33% (18/12), көшеде жасалған қылмыстар 35% (31/22), масаң күйде жасаған қылмыстар 5% (21/20), кәмелет жасқа толмағандармен 43% (7/4) төмендеген.

Дегенмен, жекелеген қылмыс түрлері яғни, аса ауыр қылмыстар 9 есе (1/10), ауыр қылмыстар 22% (41/50), оның ішінде кісі өлтіру 300% (1/4), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру 75% (4/7), бопсалау 100% (0/1), зорлау 200% (0/2), соттылығы жойылмағандарымен жасалған қылмыстар 300% (1/4) өсім алған.

Жекелеген қылмыс түрлерінің өсім алуына бір азаматтың бірнеше рет қылмыстарды қайталауы себеп болған.

Өздеріңізге белгілі ауданымызда қылмыстың алдын алу бойынша және профилактикалық іс-шаралардың тиімділігін арттыру бағытында аудандық прокуратураның бастамасымен WhatsApp жүйесінде «Профилактика Қазалы» арнайы чаты ашылып, оған аудан әкімі, құқық қорғау мен жергілікті атқарушы органдардың басшылары енгізіліп, күнделікті аудан әкімдігінің бөлім басшыларының қатысуымен кезекшілік ұйымдастырылды.

Екіншіден, әлеуметтік-экономикалық салада прокурорлық қадағалау тиімділігі бойынша.

Есепті мерзімде 15 845 (3 660) азаматтың құқығы қорғалды, оның ішінде конституциялық құқықтары – 35 (37).

Енгізілген прокурорлық қадағалау актілері негізінде мемлекеттік бюджетке 20 млн. (79 млн) теңге қайтарылып, аудандық прокуратураның Ақпараттық есепке алу кітабына 2 құжат тіркелсе, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне 2 қылмыстық іс тіркелді.

Атап айтқанда, жүргізілген тексеру барысында №238 және №259 орта мектептердің есепшілері 4,4 млн. теңгені өздерінің есеп шоттарына аударып алғандығы анықталды.

Орын алған заң бұзушылықтың негізінде, аталған мектептің есепшілері Қазалы ауданы сотының 02.11.2023 жылғы және 16.11.2023 жылғы үкімдерімен ҚР ҚК-нің 189-бабы 2-бөлігі 3-тармағы бойынша кінәлі деп танылып, 3 жылға есепші

қызметімен айналысу құқығынан айыра отырып, 2 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды.

Сонымен қатар, аталған қылмыстық іс бойынша барлығы 4,4 млн. теңге қаражат аудан прокуратурасының қадағалау актісі негізінде мемлекет пайдасына толық өндірілді.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бойынша ағымдағы жылы аудандық прокуратурамен 13 қадағалау актісі (3 ұсыну, 10 наразылық) енгізіліп, нәтижесімен 10 әкімшілік қаулының күші жойылып, 405 кәсіпкерлердің құқықтары қорғалды.

Қаржы өндіру бойынша мемлекет бюджетіне 20 011 388 теңге өндірілді.

Нақтылағанда, аудан прокуратурасымен ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну бойынша талдау жүргізіліп, нәтижесімен 92 млн. теңге қаражатты мемлекет пайдасына уақытылы қайтармай, келісім талаптарын бұзған 202 тұлға анықталып, бүгінгі күні 16 млн теңге қаражат мемлекет пайдасына өндірілді.

Азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша «Қазалы-Су Сервис» ШЖҚ МК тарапынан қызметкерлерге 2023 жылдың қаңтар айының жалақысы төленбегендігі анықталып, нәтижесімен 35 қызметкердің 3 512 903 теңге жалақыларының берілуін қамтамасыз етіліп, конституциялық құқықтары қорғалды.

Бұдан бөлек, білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандардың (білім алушылардың) сабақ режимдерін белгілейтін заңнамалардың сақталуына талдау жүргізіліп, 27 мектепте білім алып жатқан 15 312 оқушының бұзылған құқықтары қайта қалпына келтірілді.

Жайылымдық және кәсіпкерлік жер учаскелері бойынша талдау жүргізіліп нәтижесімен, прокурорлық қадағалау актісінің негізінде құны 1 200 000 теңге болатын 600 гектар жер учаскесі мемлекетке қайтарылды.

Үшіншіден, алимент өндіру санатындағы атқарушылық құжаттарға талдау жүргізіліп, нәтижесімен 1 қылмыстық, 18 әкімшілік іс қозғалып, аудандық прокуратураның ықпалымен 3 борышкер жұмысқа орналастырылды.

Талдау қортындысымен 3 қадағалау актісі енгізіліп, 5 сот

орындаушы тәртіптік жазаға тартылып, мемлекет пайдасына 8,1 млн. теңге өндірілген.

Мысалы, Әйтеке би кентінің тұрғыны табыс тауып борышкер бола тұра, кәмелетке толмаған қызын күтіп бағу үшін мүлде алимент төлемей, сот шешімін қасақана орындамаған.

Орын алған дерек бойынша 23.01.2023 жылы борышкерге қатысты ҚР ҚК-нің 139-бабымен қылмыстық іс тіркеліп, Қазалы ауданы сотының 10.03.2023жылғы үкімімен борышкер аталған баппен кінәлі деп танылып, оған қатысты 1 жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

Төртіншіден, үкімдердің орындалуын қадағалау саласы бойынша.

Аудандық прокуратураның жүргізілген үйлестіру жұмыстарының нәтижесімен сот үкімімен сотты болған азаматтарды қоғамға қалыптастыруға назар аударылып, бірқатар оңды жұмыстар атқарылды.

Мысалы, сотталғандардың әлеуметтік бейімделуіне 67 әлеуметтік, оның ішінде 15 медициналық, 25 психологиялық, 12 құқықтық көмек және 15 жұмыспен қамту көмегі көрсетілген.

Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп ай сайын пробация қызметіндегі жұмыссыз сотталғандарды қатыстыра отырып «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі 4 рет өткізілді.

Нәтижесінде, 3 сотталған «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негізде оқытылып, оның ішінде жартылай фабрикат кондитерлік өнімдер жасап жеке кәсібімен айналысу, мал шаруашылығын дамыту бойынша әр қайсысына 1 млн. 380 мың теңге көлемінде қайтарымсыз грант берілді.

Бұдан бөлек, аудандық прокуратура әкімшілік және азаматтық істер бойынша сот актілерінің, пробация, жедел іздестіру қызметіндегі жұмыстарын жүзеге асыруда заңдылықты қадағалау салалары бойынша да атқарылған шаралар және оның нәтижелері туралы ақпарат берді.

Кездесу барысында аудан прокуроры Бас прокуратурамен белгіленген басым бағыттар мен жүктелген міндеттерге, оның маңыздылығы мен себептеріне тоқталды.

Брифинг соңында баспасөз өкілдерінің сұрақтарына нақты жауаптар берілді.

СУ ТАСҚЫНЫНАН САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ

Қазалы ауданының аумағы су тасқыны болып тұратын өңірге жатады. Ол көбіне қыс-көктем мезгілінде Сырдария өзеніне көп судың келуі, арнасынан шығуы, қардың еруі, қатты нөсерлердің жаууы сияқты табиғи факторларға байланысты.

Қыс-көктемгі судың тасуы негізінен болжанатын құбылыс болғандықтан, алдын ала қажетті шаралар атқарылып, үлкен шығынға ұшырамауға мүмкіндік береді. Су тасқынының алдын алу шараларының бірі елді мекен, жеке аула ішіндегі қарды далаға шығарып, арықтармен су жүретін құбырларды уақытылы қардан, қоқыстан тазарту.

Судың нөсер жаңбырдан немесе қар еруінен күрт көтерілуін анықтау қиын. Өзендердің арнасынан шығып кетуін болжау одан да қиынырақ. Ал бөгеттер мен су торабын шайып кететін тасқын судың әрекетін білу мүлде мүмкін емес.

Сондықтан да облыс, республика көлеміндегі қалың түскен қар қыс-көктемде ерігенде ауданымыздағы лай су шайып кету аймақтарының қауіпсіздігі бақыланып, алдын алу шаралары ұйымдастырылуда.

Аудан тұрғындары мен аумақтарын 2024 жылғы қыс-көктемгі су тасқынынан қорғау жұмыстары жөніндегі іс-әрекеттерді басқару және үйлестіру үшін мекеме басшыларының қатыстырылуымен штаб құрылып, іс-шаралар жоспа-

ры жасалды.

Су тасқынының қаупі бар елді мекен тұрғындарына келесі кеңесімізді береміз. Су жақындаған жағдайда газ, су, электр жүйелерін ажыратыңыз; пештегі отты сөндіріңіз; жоғарғы қабаттар мен шатырларға құнды заттар мен киімдерді шығарыңыз; есік-терезені бекітіңіз; қажет болса төменгі қабаттардағы есік-терезелерге жұқа тақтайша қағып тастаңыз.

Егер көшіру туралы ескерту алсаңыз, алдымен жылы әрі қолайлы киімдерді, етікті, ақша мен құнды заттарды әкетуге әзірленген жөн. Алғашқы дәрігерлік жәрдем көрсету қобдишасын және дәрі-дәрмекті ұмытпаңыз. Төлқұжат пен басқа да құжаттарды су өтпейтін пакетке ораған дұрыс. Өзіңізбен бірге төсек жабдықты да алғаныңыз жөн.

«От пен су – тілсіз жау» деген, сондықтан әркім өзінің айналасындағы болып жатырған немесе болуы мүмкін жайттарға бейжайлық танытпай, қырағылықпен қараса дейміз. Су қаупі төнген кезде төмендегі телефондар арқылы хабарлансын: тәулік бойы Қазалы ауданының №9 ӨСБ-нің жедел кезекшісіне 23-00-1, 101, 112.

Күндіз: штаб телефоны 22-1-51.

Шапағат ЕРМЕКБАЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің бас маманы,
азаматтық қорғау майоры

ҒАЛАМТОР ЖЕЛІСІНІҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Қазіргі таңда заман ағымының қарқынды қозғалысына байланысты жаңа заманға сәйкес көптеген дүниелер ойлап шығарылуда. Соның бірі өзіміз күнделікті өмірде пайдаланып жүрген ғаламтор желісі. Қазіргі кезде ғаламтор желісі арқылы әлемде, елде болып жатқан жаңалықтар мен оқиғаларды біліп, жұмыс немесе сабақ оқу барысында керек дүниемізді қарап кәдемізге жаратамыз. Бір жағынан адамның білімі мен қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Ғаламтор- ғылым мен техниканың шынайы жетістігі. Қоғамның ажырамас бөлігіне айналған дүние. Одан бөлек нағыз табыс көзіне айналған сала. Тіпті қазір ғаламторсыз өмір сүре алмайтын деңгейге дейін жеттік. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін ғаламтор желісінде отырады.

Айта кетейік, ғаламтор желісі адамға қаншалықты пайдалы болса соншалықты кері әсер ететіні тағы бар. Біріншіден адамның ұзақ уақыт смартфон немесе компьютер құрылғысын пайдаланып, ғаламтор желісінде отыруы денсаулыққа зиян келтіреді. Соның ішінде көз ауруларына әкеліп соқтыру ықтималдылығы жоғары. Адамның сана-сезімінің өзгеруіне де әсер етеді. Ғаламторға деген тәуелділік қазіргі әлемдік мәселеге айналып бара жатқандай. Оның зардабынан адамдар арасындағы күнделікті байланыс өзгерді. Бір-бірімен мәмілеге келіп сөйлесуді, сыйластықты ұмыттырып жатқан секілді.

Сондықтан күнделікті қолданыста ғаламтор желісі тек жақсы жағынан кәдемізге жарағаны дұрыс.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

НӘЗІК ЖАНДЫЛАРДЫҢ КӨРКІ ШАШЫМЕН АЖАРЛАНАДЫ

(Соңы. Басы газеттің №3 санында)

Егер шаш зақымдалса, бұл адамның тылсым күшке, Тәңірге деген сенімсіздігін білдіреді. Бұл сенімсіздік өмірлік күшті кемітеді. Шаштың сыртқы саулығы – көп нәрседен хабар береді. Әйелдің қуатының деңгейін, ішкі мүшелерінің саулығын, гормоналды тепе-теңдікті, тіпті отбасылық кикілжің туралы да айтып бере алады. Шаштың әлсіреуі өз-өзіне сенудің, өзіңді танудың маңызын көрсетеді, Тәңірдің қолдауына сену керектігін білдіреді. Материалдық құндылық маңызды, бірақ ол рухани құндылықтардан асып кетпеуі тиіс. Әйелдің шашы түскіш болса, не күйеуімен, не әкесімен кикілжің бар екендігін көрсетеді. Егер әйел шашын дұрыс күтіп-баптаса, қажетті ұзындыққа дейін өсірсе – ол орасан зор күш-қуатқа ие болады. Мұндай әйелдердің түйсігі қатты дамиды. Үйінде береке-бірлік орнайды. Ертеде әйелдер тарақты аса мұқият таңдаған. Тарақтың көмегімен кез келген жамандықты тарап тастауға болатынын, тәнімен демалып қалатынын білген. Сондықтан, әр адамның өз тарағы болуы керек. Демалу – әйел үшін нәзіктікті жинаудың алғышарты екен. Шаш әйел үшін сыртқы орта мен ақылының арасындағы көпір сияқты. Сондықтан шашты күтіп-баптау – өте маңызды. Ұйықтар алдында шаш тарау – бүкіл жамандықтан құтылу. Сондықтан шашты мұқият, асықпай тараған абзал. Шаш тараған кезде жақсы нәрсені ойлап, жақсы ән салып тараған жөн. Шашты неғұрлым жиі жуып тұрған пайдалы. Өйткені шашқа – реніш, өкпе, жаман әңгіменің бәрі жабысады. Біреуге ренжисеңіз, күш-қуатыңыз азайып қалса, шашыңызды жуыңыз. Бірден жеңілдеп, көңілденіп қаласыз. Айналаңызда ұрыс шығып кетудің қаупі төнсе, басыңызға жаулық жабыңыз. Сонда келеңсіздіктер сізді айналып өтеді. Шашты жуғанда арнайы майларды қолданыңыз. Зәйтүн, ошаған, кастор, тоң май, және тағы басқа. Шашты өсіруге көмектесетін эфир майлары: иланг-иланг, даршын, лаванда, гүлшетен (розмарин), қарағай, шатыраш.

Халқымызда шашқа өте қатты көңіл аударылған. Ертеден келе жатқан шашқа тағатын зергерлік әсем бұйымдары бар екенін естен шығармаған абзал. Шашбау, шолпы, шаштеңге, шашқап, жемелек – әйелдің әсем табиғатына сай шаштың сәні. Ол халқымыздың ұлттық сый-сипатына тұнып тұр. Шашбау – қыз, келіншектердің шашына сәндік бұйым ретінде тағылып, қыздардың шашының әр-ажарын ашады. Оны өрілген бұрымның ұшын бекіту үшін де тағатыны мәлім. Түркі халықтары алтын, күміс тиындар, кейде маржан қадалған, ызылған

бауы бар шашбауды ежелден пайдаланып келеді. Сұлулар мен бойжеткендерге арналған халық өлеңдерінде «Сылдырап шашбауың мен алтын сырған», «Көрінер қыздар сұлу шашбауымен, бұрымын кейін сілкіп тастауымен» дегені сондықтан. Шашбау түрлі-түсті асыл тас орнатылған, моншақ тізілген, ұзын күміс шынжырлы баумен немесе қымбат, берік матамен ызылып жасалған алтын, күміс жіптермен өрнектеліп, ұшына салмақты күміс теңгелер мен сөлкебайлар тағылған бұйым. Мұның шолпыдан өзгешелігі – ол бұрыммен қоса өріліп, теңгесі шаш ұшына байланады. Шашбаудың жасалу, әшекейлену әдістері әртүрлі. Соған орай олар мынадай топтарға бөлінеді: үзбелі шашбау; шашақты шашбау. Қазақтарда шашбаудың; сөлкебай шашбау, теңге шашбау, шаштеңге, үкі аяқты шашбау, шаш – түлек (лентадан жасалады), шашбаутас (жалпақ күміске асыл тастар орнатылады) тәрізді түрлері бар. Қазақ зергерлері шашбауды негізінен күмістен қақтап соғады, ұшына теңгеден (сөлкебай) шұбыртпа тағылып, түсті масатыдан, жібектен ызылған шашақтармен әсемделеді. Матадан жасалған шашбаудың ұшына зер шашақ тағады, оның жоғары жағынан бунақтап құндыз тұтып қояды. Шашбауды бұрымға қоса өреді, сосын шаштың ұшына таяу жерінен бір шалып байлайды, сөйтіп, бұрымның ұшын бекітеді. Жасы ұлғайған әйелдің шашбауы қарапайым болады. Шашбау – басқа массажистеп, денсаулықты түзейді және шашбау қыз баланың денесінің тік, әдемі, сымбатты болып өсуіне ықпал жасайды. Халықтың ескі наным-сенімі бойынша, шашбау шаш арасындағы жын-шайтандарды қашырады.

Шашбау туралы этнограф Сейіт Кенжеахметовтың анықтамасына сүйенсек, «Қыз баланың шашымен қоса өрілген моншақты, зерлі, күміс шынжырлы әсемдік бұйым» делінген. Қазақ қыздарының жасы он үшке толғанда қос бұрымына салмақты шашбау қоса өріп, аяулысының тік жүруі, қайқы кеуде, құрық мойын болуын қадағалайтын болған. Сұлулық, өз-өзін күтуде қазақ әйелдерін дала университетінің озаттары десе болады. Табиғатпен тығыз байланыста болған олар табиғат берген әсемдікті, көркемдікті, әдеміліктерін табиғи жолмен сақтап қалды. Аналарымыз қыздарына шашбауды аманат ете білген. «Иықтан шашы төгіліп жерге, күмісті шашбау жара-сып белге» деп ақындарымыз айтып кеткендей шашбаудай әжелерімізден бүгінге жеткен мұрамызды мәңгі ұмытпай, тарих толқынымен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе білейік.

Гүлшаһар ӘЙМІШОВА

2024 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН БАСТАП ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ МӨЛШЕРІНІҢ АРТТЫРЫЛУЫ ТУРАЛЫ

«2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, әлеуметтік көрсеткіштер 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап:

айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3 692 теңге;

ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТКД) – 43407 теңге;

ең төменгі жалақы – 85000 теңге;

ең төменгі зейнетақы – 57853 теңге;

базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 28215 теңге мөлшерінде белгіленіп, олардың негізінде әлеуметтік төлемдердің мөлшері қайта қаралды.

Жаңа жылдан бастап, еңбек сіңірген жылдары үшін және жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 9 %-ға арттырылды.

Сонымен қатар, жасына байланысты жаңадан тағайындалатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс мөлшері 55 АЕК-ке (203060 теңге) көбейтілді.

1-қаңтардан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ЕТКД-нің жаңа мөлшеріне пайыздық қатынаста белгіленеді.

Атап айтқанда, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болғанда немесе болмағанда тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 65 пайызы (60 пайыздың орнына) мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі

он жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға арттырылады, бірақ ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 105 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі.

Бұл жаңадан тағайындалған зейнеткерлерге және 01.01.2024 жылға дейін зейнетке шыққандарға да қатысты.

Мүгедектігіне және асырау-шысынан айрылу жағдайына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ЕТКД (43407 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылды.

Сонымен қатар, мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) және бірінші топ мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамға төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері ЕТКД (43407 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылды. 01.01.2024жылдан бастап бұл жәрдемақылардың мөлшері 69886 теңгені құрайды.

01.01.2024 жылдан бастап АЕК-пен есептелетін жәрдемақы төлемдері мөлшері оның артуына (3692т.) байланысты көбейеді.

Атап айтқанда, бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы және ай сайынғы бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақы төлемдерінің мөлшері:

Бірінші, екінші және үшінші бала туылғанда берілетін бір жолғы жәрдемақының мөлшері (38-АЕК) 01.01.2023 жылы 131100 теңгені құраса, 01.01.2024жылдан бастап 140296 теңгені

құрайды немесе 9196 теңгеге, ал төрт және одан да көп бала туылғанда (63-АЕК) 217350 теңгеден 232596 теңгеге немесе 15246 теңгеге артты.

Ал, бала біржарым жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы мөлшері тууы кезектілігіне байланысты 01.01.2024 жылдан бастап бірінші балаға - 21266 теңге, екінші балаға - 25143 теңге, үшінші балаға - 28983 теңге, төртінші және одан да көп бала туылғанда 32859 теңгені құрайды.

Сол сияқты, АЕК (3692т.) мөлшерінің ұлғаюына байланысты бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері де арттырылды.

Бұл жәрдемақылардың мөлшері балалар санына қарай сараланып ұлғайтылады.

Атап айтқанда, 4 баласы бар отбасыларға 59183 теңге, 5 балаға – 73988 теңге, 6 балаға – 88793 теңге, 7 балаға- 103598 теңге, 8 балаға - 118144 теңге, 9 балаға-132912 теңге, 10 балаға-147680 теңге және одан әрі жәрдемақы мөлшері бала санына қарай өзгереді.

Жаңа жылдан бастап «Күміс алқамен» марапатталған аналардың ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақысының мөлшері 23629 теңгені, ал, «Алтын алқамен» марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 27321 теңгені құрайды.

Жасына байланысты зейнетақы, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушылар қайтыс болған жағдайда, оның отбасына немесе жерлеуді жүзеге асырған адамға жерлеуге арналған біржолғы жәрдемақының мөлшері 129220 теңгені құрайды.

Сонымен қатар, АЕК (3692т.) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерінің мөлшері арттырылды.

Өткен жылғы желтоқсан айында облыс бойынша 255,4 мыңнан астам зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың (оның ішінде зейнетақы алушылардың саны-78,1 мың адам) төлем мөлшерін қайта есептеу автоматты түрде жүргізілді.

2024жылғы 1 қаңтардан бастап барлық төлем алушыларға жоғарыда аталған көбейтілген мөлшердегі төлемдер төленуде.

А.Б. МАХАНОВА,
Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар

министрлігі, Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті, Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінде 8 (724 38) 22-1-51

сенім телефоны жұмыс істейді. Сонымен қатар, жоғарғы тұрған орган – Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің 8 (7242) 24-40-76 сенім телефонын назарларыңызға ұсынамыз.

«Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылдың I тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі.

Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, аты - жөні	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен – жайы, қызметтік телефоны
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Калиев Алтынбек Сауытбекович	Әр аптаның жұма күні, сағат 10.00-12.00, 15.00-18.00	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Төрешұрат жырау көшесі №16 8(724 38) 22-1-51

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихат депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес, ардагерлер кеңесі аудандық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Болат Жолтаевтың інісі және жерлесіміз, облыстық «Қызылорда» телеарнасының журналисі Әкімжан Жолтаевтың әкесі

ЕРҒАЛИ МЕРЕҚҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.